

ӘОЖ 325

М.А. Мекебаева\*, Ж. Жакупова

Философия және саясаттану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: maigul-07@mail.ru

**Қазақстанның ішкі және сыртқы көші-қон мәселелері**

Соңғы жиырма жылдан астам уақыт ішінде бүкіл посткеңестік кеңістікте көптеген процестер болып жатыр. Соның ішінде аса маңыздылыққа ие көші-қон процесі. Көші-қон қазақстандық даму үдерістерімен бірге, олар бірқатар айтарлықтай проблемаларды тудырады. Мәселен, заңсыз көші-қон, зияткер кадрлардан айырылу, көшіп-қонушылардың ел аумағына теңгерімсіз орналасуы, жергілікті еңбек нарығындағы бәсекелестік – бұның бәрі қоғамдық тұрақтылық пен мемлекеттік қауіпсіздікке қатер төндіреді. Қабылданған шараларға, белгілі бір оң жағдайлар орын алғанына қарамастан реттелетін көші-қон үдерістерінде бірқатар алаңдауға тұрарлық мәселелер бар. Осы мәселелерге талдау көші-қон үдерісіне байланысты алаңдатушылықты реттеуге мүмкіндік берді.

**Түйін сөздер:** көші-қон, ішкі көші-қон, сыртқы көші-қон, оралмандар, көшіп-қонушылар, репатриантар, заңсыз көші-қон, еңбек көші-қоны.

М.А. Mekebayeva, Z. Zhakupova

**The problems of internal and external migration in Kazakhstan**

In post soviet countries the problems of migration acquired special importance due to following circumstances. Social changes over the past two decades have dramatically changed the political and social situation in the Kazakh society and millions of people were displaced migrants. Kazakhstan faces intense migratory flows in an environment where its economic base was in a state of crisis. For example, illegal migration, the outflow of professionals, not balanced location of migrants in the country, increasing competition in the labor market, etc. – all this affects to the national security and social stability, which require immediate solution.

**Key words:** migration, internal migration, external migration, oralmans, migrants, returnees, illegal migration, labor migration..

М.А. Мекебаева, Ж. Жакупова

**Проблемы внутренней и внешней миграции Казахстана**

На постсоветском пространстве проблемы миграции приобрели особую актуальность по следующим обстоятельствам. Общественные перемены за последние два десятилетия кардинально изменили политическую и социальную ситуацию и в казахстанском обществе, и миллионы людей стали вынужденными мигрантами. Казахстан столкнулся с интенсивными миграционными потоками в условиях, когда ее экономическая база оказалась в кризисном состоянии. Например, нелегальная миграция, отток профессиональных кадров, не сбалансированное расположение мигрантов на территории страны, повышение конкуренции на рынке труда и др. – это все влияет на национальную безопасность и общественную стабильность, которые требуют своего безотлагательного решения.

**Ключевые слова:** миграция, внутренняя миграция, внешняя миграция, оралманы, мигранты, репатрианты, нелегальная миграция, трудовая миграция.

Әлемнің 40-қа жуық елінде 5 миллионнан астам этникалық қазақтар тұрады. 1992 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Президенті 33 мемлекеттен 800-ден астам қандасымызды шақырып, Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайын өткізді, шара барысында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығын құрды әрі өзі төрағалыққа бірауыздан сайланды.

Соңғы он жылдықтарда әлемдік көші-қон процестері үлкен құлаш жайды. Бұл процесс Қазақстан мемлекетін де қамтыды. Көші-қон процестері мемлекеттік қауіпсіздікке, қоғамдық келісімге, елдегі экономикалық және демографиялық ахуалға әсер ететінін ескере отырып, еліміз егемендікке жеткеннен кейінгі уақытта, көші-қон процестерін реттеу Қазақстанның ағымдағы және алыс перспективалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін проблемаларды зерттеп, дұрыс болжам бере ала алатындай жағдайда болуымыз керек. Демография салаға одан әрі серпін бере түсу үшін ендігі жерде белгілі бір кезеңдер аралығындағы халық зқсанының динамикасындағы өзгерістерге, көші-қон процестерінің ауқымына және олардың жекелеген аймақтардағы ерекшеліктеріне баса назар аударған абзал. Өйткені мұндай талдау көші-қон процестердің негізгі желісін, оның елеулі құбылыстарын ғылыми тұрғыда дұрыс көрсетуге және көкейкесті проблемаларын белгілеп, зерделеу үшін әр проблеманы жеке жеке талдап шығамыз. Талдау таяудағы перспективаға мемлекеттің саяси болмысын және әлеуметтік-экономикалық жағдайын негізге ала отырып, олар Қазақстандағы көші-қон процестерін реттеу жүйесінің механизмін көрсетуге мүмкіндік береді.

Адамдардың тұрғылықты орнын ұзақ немесе қысқа уақыт мерзіміне ауыстыру мақсатымен шекара арқылы бір территориядан екінші территорияға қоныс аударуын халықтың көші қоны (от лат. *migratio* – переселение) деп айтамыз. Ғалымдар көші қон қозғалысы қоныстанудың сипатын анықтайтын халықтың барлық территориялық қоныс аударуының жиынтығын қарастырады. Демографтардың айтуынша қоғамдық құбылыс ретіндегі көші қонның үш негізгі параметры бар:

- біріншісі, индивидтің өзінің тұратын координатын ауыстыру, бұл көп жағдайда мобильділік факторына жатады;

- екіншісі индивидтің өзінің материалдық және әлеуметтік жағдайын жақсартуға ұмтылысы, бұл тұтынушылық факторі;

- үшіншісі, жаңа жерде индивидтің орнығуы және ол жерді өзінің «екінші Отаны» деп санауы, бұл тұрақтылықтық факторіне жатады.

Көші қон процесіне не себеп болады дегенге біз саяси себептерді айтамыз – мемлекеттік басқару формасының өзгеруі, саяси төңкерістер. Келесі себепке әлеуметтік-экономикалықты жатқызамыз – жұмыс іздеу мақсатында қоныс аударуы, интеллектуалды еңбекпен айналысатын адамдардың мемлекеттен тыс шығуы. Табиғи себептер бар – табиғи апат салдарынан тұрғылықты мекен-жайын тастап кетуі. Экологиялық себептер де бар – мысалы Чернобыль атом электростанциясындағы радиациялық апаты орасан зор көші қон процесіне алып келгенін білеміз. Діни факторларда адамдардың қоныс аударуына әкеледі. Сонымен қатар ұлттық себептерді де атап өткен жөн. Оларға, мысалы ұлтына байланысты азаматтардың қоныс аударуы.

#### **Қазақстандағы көші қон процестерінің қазіргі көрінісі**

Көптеген сарапшылар көші қон үдерісінің мәселелері ұлттық заңнаманың жетілмегендігінен, қолданыстағы заңнамада еңбек және этникалық көші-қон мәселелері ғана реттелген. Көші-қон үдерістеріндегі ақпараттық қамтамасыз етулердің де жеткіліксіздігі байқалады деп айтады. Бұл сөздердің жаны бар. Дегенменде, бұл сұраққа толықтай жауап беру үшін, көші-қон үдерісін тағы да қарастырып шығу қажет сияқты.

Көші қон үдерісі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайға маңызды әсер ететін орталық мәселелердің қатарына жатады. Ресми мәліметтер бойынша, жыл сайын ішкі көші-қон процесінің көрсеткіштері орта шамамен 300 мың адамды құрайды, ал сыртқы көші қон процесіне – 1 миллион адам қатысады. Сарапшылардың бағасы бойынша, 2010 жылы Қазақстанда сыртқы көшіп қонушылардың саны орта шамамен 600-700 мың адамды құрайды. БҰҰ бағалауы бойынша, көші-қон көлемі бойынша (жергілікті халықтың 1000 адамына шаққанда) алғашқы орындардың біріне ие. Сыртқы көші-қон эмиграцияға және иммиграцияға бөлінеді. Эмиграция дегеніміз адамдардың өз елінен басқа елге үнемі немесе ұзақ мерзім бойы өмір сүруге

қоныс аударуы, иммиграция деп азаматтың басқа елге үнемі немесе ұзақ мерзім бойы өмір сүруге кетіп қалуын айтамыз.

Ішкі көші-қон процесін аймақтарға бөліп қарасақ, онда оның донорларына Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Шығыс-Қазақстан облыстарын жататынын көреміз. Реципиенттер ретінде Алматы, Астана қалалары, сонымен қатар Атырау және Маңғыстау облыстары қатысады.

Сыртқы көші-қон процесінде көшіп-қонушылар ағыны Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Қытай мемлекеттерінен келеді. 2008 жылдан бастап Қазақстанға шетелдік сыртқы еңбек күшіне тек экономикалық белсенді халықтың 1,5% құрайтын немесе 150 мың адамға рұқсат берілген. Сыртқы көші-қон сальдосы (ресми иммиграция-эмиграция) барлығы 1117 адамды құрағандықтан, Қазақстанда заңсыз көші-қон 800 мың адамнан асатыны анық. Сыртқы көші-қон реципиенттері ретінде Қазақстанның барлық облыстары белгілі бір дәрежеде қатысады, алайда олардың ішінде Алматы, Астана қалалары, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Атырау, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстары ерекше назарға ие.

Сыртқы көші-қонның маңызды көрсеткіші ретінде көші-қонның ағындарының позитивті балансының қысқара бастағанын айтуға болады, 2006 ж. бастап (2006 ж. сальдо 33041 адамды құрады., 2007 ж. – 10962 адам, 2008 ж.- 1117 адам) және эмиграцияның қайтадан өсуі (2006 ж. – 33690 адам, 2008 ж. – 45287 адам.). Келушілер бойынша негізгі мемлекеттерге Өзбекстан (47%), Ресей (20%), және Қытай (11%) жатады. Сонымен бірге 20 пайызына жуығы алыс шетел (Ауғаныстан, Иран, Моңғолия, Түркия) мемлекеттерінен келеді. Осы ретте Қазақстанға ТМЖ келушілердің басым көпшілігіне этникалық иммигранттарды, яғни оралмандарды жатқызамыз. Алғашқы жылдары оралмандарға бөлінген жылдық квота 15000 отбасын құраған еді, ал 2009 жылдан бастап квота 20000 отбасына дейін көбейтілді.

Оралмандарды орналастыру бағдарламасы бойынша, көшіп-қонушыларды Қазақстанның барлық облыстарында салыстырмалы түрде тепе-тең орналастыру көзделген, дегенмен де оралмандар екінші ішкі көші-қон процесі кезінде негізінен Алматы және Астана қалаларында, сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау

және Шығыс Қазақстан облыстарында, сонымен қатар Ресей Федерациясымен шекаралас облыстарға орнығатын.

Эмиграция (Қазақстан азаматтарының басқа мемлекетке уақытша немесе тұрақты тұру үшін кетуі) негізінен Ресей, Украина, Белорусь және Германия мемлекеттері бойынша өтті. Көбінен эмиграцияға Қазақстанның солтүстік және орталық облыстары ұшырауда, бұл облыстарда халықтың демографиялық құрылымында еуропалық этникалық компонент жоғары пайыздық көрсеткішті құрайды. Уақытша еңбек көшіп-қонушылардың арасында, Қазақстаннан жұмыс іздеу мақсатында кетушілер арасында, республиканың солтүстік облыстарының тұрғындары басым болып табылады.

Ішкі көші-қонның негізгі себептері ретінде, негізгі ағын «ауыл-қала» бағыты бойынша, ауылдағы әлеуметтік-экономикалық жұмыссыздық, халықтың төменгі жалақы мөлшері, медициналық-ағартушылық және ақпараттық-мәдени инфрақұрылымның әлсіздігі, тұрмыстық мәселелер (таза судың жоқтығы, тұтынудың теңдестірілген моделінің болмауы, жағымсыз мәселелер (газ, көмір, отын бағаларының жоғары болуы)), экологиялық мәселелер және т.б.

Сыртқы көші-қонның негізгі себептері ретінде (еңбек көші-қон процесінен басқасы) тарихи отанына қайта оралу, материалдық әл-ауқатты жақсарту және өз күштерін басқа мемлекеттерде, басқа салаларда сынап көру, этникааралық және тілдік сипаттағы мәселелерді атауға болады. Еңбек көші-қонына, соның ішінде заңсыз көші-қон еңбек мигранттарының орындарындағы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайымен байланысты.

Байқалатын көші-қондық мобильділік шартты түрде- еңбек, білім және тұрақты мекен жай секілді түрлерге бөлінеді, және оның оң және теріс жақтары да бар.

Сыртқы еңбек көші-қон мәселесін бөліп қарастырайық. Еңбек көші-қонына еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жеке адамдардың басқа мемлекеттерден Қазақстанға және Қазақстаннан, сондай-ақ мемлекет ішінде уақытша қоныс ауыстыруын жатқызамыз. Бұған ақша төленетін жұмыс әрекеттерін істеу мақсатында бір мемлекетте тұратын адамдардың заң аясында өз еркімен шетелге, сонымен қатар үнемі өз мемлекетінен тыс тұратын шет елдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдарды жатқызамыз. Сыртқы саяси көші қонға мемлекетте ақша табатын іс

әрекеттерді жасайтын немесе жасағысы келетін, бірақ азаматтығы жоқ адамдарды жатқызамыз.

Халықтың бір мемлекеттің территориясында қоныс аударуын ішкі көші қонға жатқызамыз. Көші қон оралатын және оралмайтын, заңды және заңсыз болып бөлінеді. Заңсыз көші қонға шетелділіктердің немесе азаматтылығы жоқ адамдардың Қазақстанға келу, кету, осында тұру, сондай ақ Қазақстан аумағы арқылы транзиттік жол жүру тәртібін реттейтін заңнаманы бұза отырып кетуі, келуі және болуын айтамыз.

Көп жағдайда заңсыз көші қон үдерісінің субъектісіне

- бұрын Кеңестік Одақтың құрамына кірген, басқа мемлекеттің азаматтығын алмаған бұрынғы Кеңестік Одағының азаматтарын,
- бұрынғы Кеңестік Одақ республикаларының азаматтары,
- шетелдік азаматтар,
- азаматтығы жоқ адамдар – апатридтер,
- екі азаматтығы бар адамдар – бипатридтер.

Заңсыз көші-қонның субъектісіне

- бақыланбайтын эмигранттарды – бұрынғы посткеңестік кеңестік территориясынан басқа шет елдік мемлекеттерге қоныс аударатын Қазақстан Республикасының азаматтарын,

- заңсыз эмигранттар – Қазақстанның мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін Қазақстанның азаматтары,

- заңсыз иммигранттар,

біріншіден, заңсыз құжаттармен немесе құжатсыз мемлекетке енгісі келетін шетелдік азаматтар немесе азаматтығы жоқ адамдар,

екіншіден, кіру мақсаты айтылған мақсаттарына сәйкес келмейтін шетелдік азаматтар немесе азаматтығы жоқ адамдар,

үшіншіден, Қазақстанға заңсыз келген шетелдік азаматтар немесе азаматтығы жоқ адамдар.

Халықтың халықаралық көші-қонында көшіп-қонушылардың негізгі алты тобын бөліп шығаруға болады:

1) отбасының жағдайларына немесе басқа себептерге байланысты тұрақты мекен-жайын басқа мемлекеттерге ауыстырушылар,

2) еңбек көшіп-қонушылар,

3) заңсыз иммигранттар,

4) босқындар,

5) студенттер, стажерлер, ғылыми қызметкерлер және мұғалімдер,

6) басқалары – туристер, демалушылар және т.б.

Әлемдік шаруашылық байланыстардың интернационализациясының ықпалымен «транзиттік» көші қон жүйесі де дами бастады, олар дамыған мемлекеттердің ұлттық еңбек нарығында анда санда пайда болатын спецификалық мамандықтар мен квалификациядағы мұқтаждықтарды қамтамасыз етеді. Ол бір жылдан үш жылға мерзімін қамтитын трансұлттық корпорациялар каналдары арқылы қоныс аударуға негізделген. Экономикалық басымдықтарды ерекше қарастыра отырып, халықтың халықаралық көші қонының басқа жақтарын – халық санының динамикасына, жастық жыныстық және белгілі бір елдің басқа құрылымдарына едәуір әсерін тигізетін демография – ескеру маңызды. Мысалы, 80-ншы жылдары сыртқы көші қон халықтың өсімін 25 пайызға көбейткен АҚШ, Канада, Франция, Австралия мемлекеттерін атап өтуге болады. Сарапшылардың айтуынша, АҚШ қоныс аударушылар халық тың санын жыл сайын 50% өсіріп отырды.

Халықтың қазіргі халықаралық көші қонның тағы бір заңдылығына оның жылдан жылға көлемінің ұдайы өсуін жатқызуға болады. Қазіргі қоғамның әлеуметтік экономикалық өмірінің құбыллысына бірнеше миллиондаған мемлекетаралық көші қонның қалыптасуын, қазіргі өндірістің факторынан константасына айналуын айтамыз.

Үнемі өзгеріске түсіп отырған әлеуметтік экономикалық жағдайда көші қон процесіне болжам беру күрделі міндетке айналып бара жатқан сияқты. Көші қонның экономикалық, саяси, әлеуметтік факторлармен тікелей байланысы, көші қонды болжауда осы факторлардың даму сценарийлерінің дамуының негізінде көші қонның нақты перспективалық бағдарламасының негізін қалыптастыру мақсатында, көші қон процесін талдау барысында көптеген мемлекеттердің әлеуметтік экономикалық дамуының белгілі бір сценарийі жасалмағанын байқау қиын емес. Дегенменде, біраз факторларды, қоныс аударатын мекен жайының өзгеруі мүмкіндігін ескере отырып, халықаралық көші қонның болашақта әрі қарай өрши түсетінін болжай аламыз.

Еңбек көші қон бойынша Қазақстандағы келесі позитивті жақтарын атап өтуге болады:

- еңбек күшінің ішкі нарығындағы қысымның төмендеуі (әсіресе экономикалық депрессивті және жұмыс күші мол аймақтарда, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі кездесетін аймақтарда);

- бюджеттік емес қаржы құралдарының ағыны (ақша аударымдары немесе еңбек маусымы аяқталған мезгілдегі еңбек көшіп қонушылардың шығындары), Қазақстанда қала еңбек көшіп қонушылардың отбасыларына қосымша қаржылай қолдау көрсету;

- бюджеттің әлеуметтік бағдарламаларына жүктеудің төмендігі (жұмыссыздық бойынша төлемдер және т.б. әлеуметтік төлемдер);

- жұмысшылардың кәсіби квалификациясын сақтау, өзінің жеке мамандығы бойынша шет мемлекеттерге жұмыс мақсатында кеткендер үшін, жаңа мамандықтарды игеру немесе алғашқы квалификацияға ие болу. Жоғары және орташа квалификацияға ие мамандандарды Қазақстаннан ресейлік өндіріс кәсіпорындарына көптеп шақырылуы еңбек көші қон процесінің ерекшелігі болып табылады.

Айтылып кеткен үдерістердің негативті салдарын қарастыратын болсақ, онда келесідей нәтижеге келеміз:

- Еңбек көшіп қонушылардың тастап кеткен жерлеріндегі демографиялық, сонымен қатар әлеуметтік байланыстарының нашарлауы (негізінен, еңбек көшіп қонушыларына көп жағдайды ер адамдарды жатқызамыз);

- Кәсіби кадрларды іздеу, жұмыс күшінің жетіспеуі, жұмыс күшінің ішкі нарығы бойынша сапасының нашарлауы;

- Эмиграциялық көңіл күйді жанамалы қолдау;

- Еңбек көшіп қонушылардың білімін жоғалтуы, зейнетақы жәрдем ақыларын тиісті түрде ала алмауы және еңбек қызметіне байланысты салық мәселелері.

Ал егер білім саласына келетін болсақ, онда көші қон процесінің Қазақстанға тигізетін жақсы жақтарын қарастырып өтсек жөн болады:

- біріншіден, Қазақстанның білім беру мекемелеріндегі жоқ мамандықтар бойынша сапалы білім алу мүмкіндігі;

- екіншіден, жұмыс күшінің нарықтық сапасын көтеру, Қазақстан жұмыскерлеріне таңдау мүмкіндігін беретін мамандану сапасын кеңейту;

- үшіншіден, көшіп қонушылар оқыған жерлердегі ресми және ресми емес экономикалық субъектілермен байланыстарды кеңейтуі.

Осы процесстің негативті жақтарын да қарастырып өтейік:

- көшіп қонушылар білім алған жерден қайтпау тәуекелі, олардың білім алған мемлекеттерде қалып қоюы;

- көшіп қонушылардың ұлттық емес, шетелдік компаниялардағы негізгі бағыттары бойынша жұмыс атқаруы;

- алған білімдері Қазақстанның экономикалық қажеттіліктерімен сәйкестенбеуі.

Қазақстандағы эмиграцияның позитивті жақтарына тек жұмыс күші және тұрғын үй нарығындағы қысымның азаюы болып табылады. Негативті жақтары болып республиканың демографиялық және еңбек потенциалының төмендеуі, білім алуға кеткен қаражаттың жоғалуы, зейнетақы жинақтарының шетелге шығуы, мемлекетте тұру бойынша тұрақтылық пен әлауқаттылық имиджінің жоғалуы.

Қазақстандағы еңбек миграциясының жағымды және жағымсыз жақтары бар. Осы процестің жағымды жақтарына келесілерді жатқызуға болады:

- қазақстандықтар баруға бас тартатын еңбек салаларын толтыру;

- қазақстандықтар маманданған салалар бойынша бос жұмыс орындарын толтыру (негізінен, шетелдік жоғары маманданған кәсіби мамандар, келісім бойынша жұмыс атқарушылар);

- жұмыс күші жетіспейтін аймақтардың тиісті мамандармен қамтамасыз ету;

- еңбек және әлеуметтік қорғау Министрствосының болжамы бойынша әр жыл сайын жұмыс күшінің қосымша керектігі 500 мың адамға өсу мүмкіндігі, басқаша айтқанда әр жыл сайын орта шамамен жыл сайын қосымша жұмыс күші 60 мың адамды құрауы мүмкін;

- бюджетке заңсыз көшіп қонушылардан түсетін салықтың төмендеп кетуі.

Сол ретте еңбек көші қонның (көп жағдайда заңсыз) келесідей күрделі мәселелерді тудыруы мүмкін:

- Еңбек күшінің ішкі нарығындағы қатты қысым және оның құрылымының сапасының төмендеуі;

- Еңбек көшіп қонушылардың басым көпшілігі квалификациясы төмен жұмыс күшімен көрсетілген. Ал егер де қазақстандық жұмысшыларды алатын болсақ, олардың да 60 пайызында төмен квалификация немесе жалпы квалификацияланбаған.

- Еңбек нарығындағы баға конъюнктурасындағы дисбаланс, еңбек бағасының төмендеуінен байқалады (негізінен маманданған жұмыс күшінің жоқтығы), бұл өз кезегінде жергілікті жұмыс күшінің жұмысқа орналасқан кезде кедергі болады;

- Көлеңкелі экономиканың өсімі;
  - Жалпы заңсыз көшіп қонушылар көп жағдайда көлеңкелі экономика саласына қызмет көрсететін формалды емес еңбек аясында жұмыс істеуге талпынады. Бір жағынан, мұндай жағдай олардың мәртебесін заңдандыруды қажет етпейді, екінші жағынан, материалдық және әлеуметтік жағдайларды қысқа мерзім ішінде жақсартуға кең мүмкіндік береді. Бұл жағдайда олардың алған табыстарына салық салынбай қалады. Біздің ойымызша отандық заң шығарушы органдарының еңбек көшіп қонушылардың әрекеттерін реттейтін заңдар жиынтығының кемелді еместігінен салықтық есепке салынбайтын факторлық төлемдердің көлемінің күннен күнге ұлғаюына алып келеді.
  - Қазақстан мемлекетінің валютасының ағыны (көшіп қонушылар өз отандарына қаражаттарын салып жіберуі);
  - Әлеуметтік шиеленістің өсімі (этника-аралық мәселе бойынша нәтижесінде жұмыс орындарында бәсекелестік туындайды);
  - Қала тұрғындары арасында маргинальдық компоненттің өсімі;
  - Тұрғын үй нарығындағы қысымның күшейуі (жекелей алғанда, жалдамалы);
  - Аймақтық реципиенттердің өмір сүру және бюджеттік қамтамасыз ету бойынша есептелмеген жүктеудің өсімі;
  - Қылмыстық қатердің потенциалды өсімі.
- Білім миграциясы жайында Қазақстанда оның дәрежесі аса жоғары емес, сондықтан да кіріс және шығыс жақтарын есептемеуге болады.
- Тұрғылықты мекен жай миграциясы Қазақстанда басым, ондағы басымдық негізінен оралмандарға берілген және бұл екі жақты сипатқа ие.
- Бір жағынан республиканың демографиялық балансы көтеріледі, жас мөлшері ұлғаяды (оралмандар арасында көп балалықтың болуынан), кетуге мәжбүр болған қазақтарға қатысты тарихи әділеттілік орнайды. Қазақстан келген оралмандардың 41 пайызында 18 жасқа дейін балалар бар. Басқа жағынан бұл үрдіс бірнеше мәселелерді тудырады:
- Оралмандардың орналасуы және еңбекпен қамтамасыз етілуіне байланысты бюджетке ауыртпалық түсуі;
  - Оралмандар патриархалдық өмір салтын ұстанады, исламдану үдерісінің ары қарай дамуына өз үлесін қосады;

• Екінші реттелмейтін көші-қон қалалар мен қабылдаушы облыстарға реципиенттердің әлеуметтік жүктеу мөлшерін қиындатады;

• Оралмандардың әлеуметтік жақсартамыз ба деген күтімдерінің іс жүзіне аспауы билік басындағылармен қақтығысқа әкеледі, мысалы оны біз жерлерді өз бетімен басып алуынан, оларға белгілі бір жеңілдіктерді беруді сұрауынан және т.б. көреміз.

• Оралмандардың менталдық және өмір сүру ерекшеліктері бірегейліктің негізгі құрылымдарын қиындатады және шыдамдылық, сенім, сонымен қатар бұл құрылымдардың нақты емес бағытта жылжуына алып келеді.

Ішкі көші қондық мобилділікті екі жақтан қарастыруға болады. Оның позитивті жағы, еңбек күші басым аймақтардағы жетіспейтін аймақтарға толтырады. Жағымды жақтарына сонымен қатар аймақтық сепаратизм фактілерінің болмауына жол ашады. Негативті салдарларына ауылдың еңбектік потенциалының төмендеуіне, білімі жоғары адамдардың, қалалық аймақтарға жүктеудің өсуіне алып келеді, бұл қалалардағы қылмыстың өсуіне алып келеді, баспана бағасының өсуі және азық-түліктің қымбаттауы тағы да бар.

Осы ретте миграцияның негізгі тәуекелдері мен қатерлері ретінде оның стихиялылығы мен заңсыздығын атауға болады, бұл осы үрдістің дерегуляциясына алып келеді.

### **Орта мерзімді мезгілге арналған миграциялық жағдай**

Қырғызстан мен Тәжікстандағы өндіріспен экономикалық тұрақсыздық құлдырауының жалғасуы бұл мемлекеттердегі көші қон дәрежесінің төмендегенін дәлелдей алмайды. Өзбекстанның макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша ЖІӨ көлемі 8,5 өсіммен байқалады. Алайда, экономистердің есептеуінше Өзбекстан экономикасына осындай «кіріс» жұмыссыздық пен мемлекеттен жұмыс іздеу мақсатында кетіп жатқан еңбек көшіп қонушылардың көлемін азайтпайды. Одан бөлек, бұл мемлекеттің миграциялық потенциалының төмендеуіне Арал теңізінің өзбекстандық бөлігіндегі экологиялық мәселелер мен Ферғана аймағындағы халықтың тығыз орналасуы секілді жағдайлар шиеленісу үстінде.

Осы ретте Орталық Азиядан еңбек көшіп қонушыларын қабылдаушы басты реципи-

ент мемлекеттер – Қазақстан және Ресейде экономикалық жағдай осы және келесі жылы күрделі жағдайда қалатындығына ешқандай күмән жоқ. Қазақстанда дағдарыстық кезеңінде ең алдымен өнеркәсіп өндірісіне әсерін тигізіп, өндірістің төмендеуіне және бірнеше кәсіпорындардың жабылуына алып келеді. Осындай жағдай Ресейдің қаржы министрі А. Кудринның болжамында Ресейде де қайталануы мүмкін. Осы сценарий бойынша экономиканың дамуы жұмыссыздықтың көбейуіне, халықтың тұрмыс жағдайының төмендеуіне, әлеуметтік поляризацияға, соңында әлеуметтік шиеленіске әкеліп соғады. Ресей жетекшілігінің мүмкін болатын шараларына заңды миграцияны шектеу, көшіп қонушылардың заңсыз ағындарын қатаң бақылауда ұстау жатады, бұл ең алдымен басқа мемлекеттерде әсіресе Қазақстанда жұмыс орындарын іздеуді міндеттейді. Біздің мемлекетте жұмыс орындары бойынша жағдай төмендегендіктен, Қазақстанға қосымша еңбек ағыны қажет емес. Одан бөлек, сыртқы миграция оралмандардың квотасының көбейуі де әсер етеді (2009 ж. 15 мыңнан 20 мың отбасына дейін).

Орта мерзімді мезгілде ішкі көші-қонның жоғары жылдамдығы сақталады. Бұл ауыл шаруашылығы күрделі өзгерістерге бара алмайтындығымен байланысты, яғни халықтың ауылда бекітілуіне бағытталған шаралар. Банк несиелеріне жоғары пайыздық мөлшердің сақталуы, жанар-жағармай материалдарына бағаның өсуі және техникалық жабдықтар бойынша, егінді сақтандыру қиындығы, ауыл шаруашылық техникасына қымбатшылық немесе мүлдем жоқшылық (сатып алу, жалға алу, лизинг бойынша), агрономиялық және ветеринарлық инфрақұрылымының әлсіздігі, делдалдардың кішігірім ауыл шаруашылық тауарларына қысымы, ауыл шаруашылығындағы жер өңдеу бойынша тәуекелдік аймақтардың жоғары болуы, шетелдік ауыл шаруашылық тауарларымен жоғары бәсекелестігі, ауыл шаруашылығы тауарларының өңдеу және сақтау қиындығы, отандық ауылшаруашылық тек ұсақ өндіріспен айналысқандықтан құлдырауға алып келеді және ондағы жұмысшылардың жалақысы да төмен болады, инфрақұрылымды және халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту бойынша құралдардың болмауы, оның салдары көші-қондық потенциалдың сақталуына алып келеді. Аймақтық әлеуметтік-экономикалық диспропорцияның сақталуында күтілуде, бұл ішкі

көші-қондық толқындарға әсер етеді.

Миграцияның салыстырмалы жоғары көлемі арқылы экономикалық депрессивті және экологиялық тұрақсыз аймақтарда күтіледі, ұсақ қалалардағы миграция өсімі мүмкін көп жағдайларда қала негізін қалап тұрған өнеркәсіп орындарының немесе оның жұмысшылары қысқарады.

Көшіп-қонушылар үшін орталық ретінде (ішкі және сыртқы) Алматы, Астана қалалары, Маңғыстау және Атырау облыстары қала береді, одан бөлек сыртқы көшіп-қонушылар Қырғызстан және Өзбекстан үшін Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары, Қытай көшіп қонушылары үшін Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары болмақ.

Сыртқы көші-қон көлемі болжам бойынша 1-1,1 млн., ішкі – 310-330 мың адам көлемінде болмақ.

Осыған байланысты ұзақ мерзімді стратегиялық міндет ретінде мемлекеттің көші-қондық саясатында миграцияның стихиялық көлемін өткеру, заңсыз миграцияның алдын – алу, қазақстандық мемлекет пен қоғамның мүддесі үшін миграциялық ағындарды басқару аса маңызды болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген талдау бойынша, Қазақстандағы ішкі және сыртқы миграция негізінен әлеуметтік-экономикалық және экологиялық себептермен анықталады. Негізінен, оның деңгейін төмендету үшін осы салалардағы жағдайды жақсарту көзделуі шарт.

Біздің алдымызда тұрған мәселе, не болса да жақын болашақта заңсыз көші-қон процесстерінің жағымсыз салдарын азайту мақсатында келесі іс шараларды қолданған жөн деп есептейміз. Көші-қон саласында, біріншіден, шетелдік азаматтардың Қазақстанға келу және тұру ережелерін заңсыз миграцияның алдын-алу үшін күшейткен жөн сияқты.

Оралмандардың қазақстандық қоғамға бейімделу жүйесін жақсарту; оларды жұмыспен қамтуда, біліктілігін көтеруде және тілдік бейімделуде көмек, оларға арнайы тіл курстары, ақпарат беру және анықтамалық қызмет көрсету, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу немесе біліктілігін көтеру курстары сияқты арнайы ықпалдастыру бағдарламаларын жасау көші-қон үдерісіндегі біраз қиыншылықтарды жеңуге мүмкіндік береді.

Квоталау назарын жоғары мамандану саласына өзгерту, мұндай тәжірибе біраз мемлекет-

терде қолданылады. Жылдар өте бұл саясаттың жақсы нәтиже бергенін көрудеміз.

Ішкі көші-қон үдерісін бір қалыпқа келтіру мақсатында жақын арада ауылға байланысты саясатты күшейту, ауылға көмек көрсету мақсатындағы арнайы бағдарламаларды қабылдау, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыру, ауылдың инфрақұрылымын жақсарту; ауыл шаруашылығы кооперативтерін, МТС-

тер, несиелік бірлестіктер құру, көк-өністер сақтау орындарының желісін кеңейту, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу кәсіпорындарын ашу; ирригациялық – өңдеуші жүйелерді модернизациялау және реконструкциялау; агрономиялық және ветеринарлық қызметтерді жеңілдету, ауылдық жерлердегі кәсіби-техникалық білімді қайта құру және т.б. іс шараларды іс жүзіне асыру қажет болып тұр.

### Әдебиеттер

- 1 Балғабәев С. Көші-қон және жаңа заң // <http://www.kayranelim.com/publ>
- 2 Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының тұжырымдамасы // <http://demomigration.kz/program2kz.htm>
- 3 «Халықтың көші-қон туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы №2251 Қаулысы // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090002251\\_/compare](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090002251_/compare)
- 4 На проблему внутренней миграции обратили внимание акимы Астаны и Алматы // <http://shanyrak.kz/?p=425>

### References

- 1 Balgabaev S. Koshi-kon zhane zhana zan // <http://www.kayranelim.com/publ>
- 2 Kazakstan Respublykasy koshi-kon sayasatynyn tuzhyrymdamasy // <http://demomigration.kz/program2kz.htm>
- 3 «Halyktyн koshi-kon turaly» Kazakstan Respublykasynyn Zanynyn zhobasy turaly. Kazakstan Respublykasy Ukymetynyn 2009 zhylgy 30 zheltoksandagy №2251 Kaulysy // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090002251\\_/compare](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090002251_/compare)
- 4 Na problemu vnutrenney mygracii obratyly vnymanye akymy Astany I Almaty // <http://shanyrak.kz/?p=425>